



БҰЙРЫҚ

17.03.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№

294-0

город Нур-Султан

**Мүлікті және істерді
басқарудан шеттеу туралы**

Астана қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Творческое объединение «Новый формат» ЖШС банкрот болып танылды.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2017 жылғы 06 қарашадағы №663-Ө бұйрығымен «Творческое объединение «Новый формат» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Кабибулла Камысбекович Смаилов тағайындалған.

Кредиторлар жиналысының 2021 жылғы 11 ақпандағы хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Творческое объединение «Новый формат» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Кабибулла Камысбекович Смаилов шеттетілсін.

2. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы «Творческое объединение «Новый формат» ЖШС құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің мөрі жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Қ. Исақов